

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Қосымованың «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына  
**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына қатысты білім мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаттарын шешуге бағытталған. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы мен мазмұны: 1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазан №726 қаулысымен Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; 2. Өмір бойы білім алу қағидаты негізінде мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету; 3.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген ««Білімді

			<p>ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын іске асыру;  4..ТжКБ ұйымдары мен жоғары оқу орындарында парасаттылық қағидаттарын енгізу бағыттарына;  5.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған.</p>
		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);  2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);  3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген.  2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген.  3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес әзірленген.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Аталған диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы зерттеу нысанына айналып отырған қазақтың ұлттық ойындарының дүниетанымдық, тіл танымдық, этноэмотивтік сипатының бес ерекшелігін анықтаудан көрінеді. «Тілдегі ұлтты

			<p>тану» ұстанымына сәйкес ұлттық ойындардың әртүрлі әлеуметтік, этнографиялық, лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық қырларына талдау жасауы қазақ ұлтының әлеуметтік мәртебесін, оның мінез-құлқын, образды ойлау жүйесін, таным тереңдігін, сөз сөйлеу шеберлігін және сөздік қорының байлығын түсінуге көмектеседі.</p> <p>Өзіне дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған ұлттық ойын-сауық атауларының мән-мағынасы халықтың дүниетанымына, этномәдени, менталдық түсінігіне сай ғасырлар бойы бірте-бірте дамыған күрделі сөзжасамдық процестің нәтижесі болып табылатындығын дәлелдеуі диссертацияның ғылыми жаңалығын құрайды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Диссертанттың ғылыми жұмысты өзінің жазғанын, басқа біреулерден көшірмегенін дәлелдейтін айғақтар диссертация мазмұнынан жете аңғарылады. Диссертация мазмұны бойынша жарияланған мақалалардың жарияланымы мен дәйек ретінде келтірген сілтемелердің шынайылығы да өзінің жазғанын көрсетеді. Сонымен қатар диссертанттың тақырыптың зерттелуіне қатысты еңбектерге жасаған талдауларынан да жұмысты өзі жазу деңгейінің жоғарылығы танылады.</p> <p>Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауында және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің</p>

			логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертация тақырыбы мен көтерілген мәселелердің өзектілігін диссертант мемлекеттің алдына қойылып отырған стратегиялық міндеттермен байланыстыра қарастырған. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі қоғамда ұлттық бірегейлікті сақтау, жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген дүниетанымды қалыптастыру аса маңызды болғандықтан, мектептегі оқу үдерісінде ұлттық мазмұнды күшейту, оны оқыту мен тәрбиенің тұтас жүйесіне енгізу қажеттілігін ұлттық ойындарды оқытудың әдістемелік жүйесін жасаумен дәлелдеген. Мұнымен қоса, ұлттық ойындардың тілдік табиғатын, ондағы этномәдени мазмұнды, ұлттық дүниетанымды бейнелейтін лексикалық және семантикалық бірліктерді талдаумен байланыстыра негіздеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігін диссертация тарауларында көтерілген мәселелер мен оны теориялық тұрғыдан дәйектеуі және қорғауға ұсынылатын тұжырымдарының ғылыми жаңалығы дәлелдейді.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды;	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын</p>

		<p>3) айқындамайды.</p>	<p>қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» деген тақырыпты ашу үшін жұмыста 1-тарауда ұлттық ойын атауларының лингвистикалық сипатын және қазақ ұлттық ойындарының лингвомәдени және дүниетанымдық сипатын қалыптасу тарихымен байланыстыра ашқан; 2-тарауда ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың философиялық мәні, психологиялық аспектілері, педагогикалық ұстанымдары нақтыланған; 3- тарауда ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістемесін жасау үшін жаңа ұтымды инновациялық технологиялар, арнайы жаттығулар жүйесі жасалып, эксперимент нәтижелерімен дәлелденген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа, зерттеу нысаны мен пәніне, ұсынылған ғылыми болжамына сәйкес келеді. Ізденуші диссертацияда қазақ тілі сабақтарында ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу мақсатын қоя отырып, 5 міндетті шешкен. Осы міндеттер толығымен диссертация тарауларын қамтиды, яғни диссертация тақырыбы жан-жақты ашылған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p>	<p>Ғылыми жұмыстың барлық тараулары мен тараушалары бір-бірімен логикалық жағынан байланысқан, ортақ желі арқылы бірінен біріне жеңіл әрі түсінікті түрде талданып отырады.</p>

		<p>2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ойтүйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан. Ғылыми жұмыстың барлық тараулары мен тараушалары бір-бірімен логикалық жағынан байланысатын кілт сөздер мен ұғымдардан тұратын ортақ желі арқылы бірінен біріне жеңіл әрі түсінікті түрде ауысып, жүйелі талданып отырады. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған түйіннен де көрінеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертацияда автор ұсынған тұжырымдар өзіне дейінгі зерттеу еңбектеріндегі алынған шешімдермен салыстырылып бағаланған: өзіндік мәтін талдауы бар және басқа авторлардың пікірлеріне де сыни көзқараспен қарай отырып, өзіндік тұжырымдары негізделіп берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар: 1. Ұлттық ойын атауларының қалыптасу үрдістері,</p>

		<p>зерттелу кезеңдері айқындалып, дәстүрлі ойын атауларының лингвомәдени негіздері зерделенген, тілтанымдық сипаты ашылған.</p> <p>2. Тұлғаның ұлттық ойындар негізінде дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері дәйектеліп, қазақ тілі сабағында ұлттық ойындарды пайдалану арқылы оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға болатындығы дәлелденген.</p> <p>3. Қазақ тілі сабағында ұлттық ойындар арқылы білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың ұтымдылығы эксперимент арқылы тексеріліп, тұжырымдалған.</p> <p>4. Жалпы білім беретін мектептерде қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың заманауи әдістемесі жасалған.</p>	<p>зерттелу кезеңдері айқындалып, дәстүрлі ойын атауларының лингвомәдени негіздері зерделенген, тілтанымдық сипаты ашылған.</p> <p>2. Тұлғаның ұлттық ойындар негізінде дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері дәйектеліп, қазақ тілі сабағында ұлттық ойындарды пайдалану арқылы оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға болатындығы дәлелденген.</p> <p>3. Қазақ тілі сабағында ұлттық ойындар арқылы білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың ұтымдылығы эксперимент арқылы тексеріліп, тұжырымдалған.</p> <p>4. Жалпы білім беретін мектептерде қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың заманауи әдістемесі жасалған.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>1. Бірінші бөлімнің қорытындысы жаңа;</p> <p>2. Екінші бөлімнің қорытындысы жаңа;</p> <p>3. Үшінші бөлімнің қорытындысы толығымен жаңа.</p> <p>Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>1. Бірінші бөлімнің қорытындысы жаңа;</p> <p>2. Екінші бөлімнің қорытындысы жаңа;</p> <p>3. Үшінші бөлімнің қорытындысы толығымен жаңа.</p> <p>Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттерінің орындалуында мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  <u>2) жоқ;</u>  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>7.1 Ғылыми жұмыста қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Ғылыми жұмыста қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ғылыми жұмыста қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидаттардың қолдану деңгейі кең ауқымды.</p> <p>7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидаттар шетелдік және отандық журналдарда 10 ғылыми мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген 1 квартильге жататын импакт-факторы жоғары журналда – 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда –6 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 3 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.</p>

		<p>2) орташа;  3) кең  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	<p>Дәйектілік  қағидаты.  Дереккөздер мен  ұсынылған  ақпараттың  дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:  1) ия;  2) жоқ.</p>	<p>Иә.Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеудің әдіснамалық негіздеріне жалпы тіл біліміндегі, түркітанудағы, қазақ тіл біліміндегі этномәдени, танымдық және этнографиялық және әдістемелік зерттеулердегі теориялық тұжырымдар алынған. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздеріне А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі дүниетаным, танымға қатысты пікірлері басшылыққа алынды. Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов еңбектеріндегі тұжырымдарға талдау жасалған. Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, А.Қасабеков, М.Орынбеков, М.Мұқанов, Т.Әбжанов, Ж.Алтаев, О.Сегізбаев, Ғ.Ақпанбек және т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық ойындар арқылы жас шәкірттер санасында дүниенің, қоғамның бейнеленуіне, адамгершілік, эстетикалық, ғылыми-теориялық, құндылықтарды меңгерулеріне назар аударылған.</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертация жұмысының нәтижелеріне ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді пайдалану, сұрыптау, өңдеу, интерпретациялау арқылы қол жеткізілген.</p> <p>Зерттеу жұмысын жүргізуде философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымы бойынша тақырыпқа байланысты әдебиеттерге талдау жасау, тұжырымдау әдісі, салыстыру және жобалау әдісі, модельдеу, индуктивті-дедуктивті талдау әдістері пайдаланылған. Тәжірибелік зерттеу жүргізу барысында: сауалнама жүргізу, әңгімелесу, бақылау, материалдарды саралау әдісі мен тәжірибелік-эксперименттік әдістер іске асырылып, статистикалық зерттеуді қорытындылауда нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу әдісі қолданылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Барлық қорытынды, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талданған, тілдік материалдармен дәйектелген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге сүйеніп, монография, кандидаттық және</p>

		расталған / расталмаған.	докторлық диссертациялар, ғылыми мақалалар талданып, оларға сілтеме беріліп расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және талдауға жеткілікті. Отандық және шетелдік дереккөздер, яғни 161 әдебиет қолданылып, сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар;</u> 2) жоқ.	Ия. Тың тақырыпқа жазылған диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысындағы ғылыми дәйектелген түйінді тұжырымдары тілді оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтыруға үлес қосады. Зерттеу қорытындылары қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивті тіл білімі салаларына материал береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ.	Ия. Ғылыми жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалдарды танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, тілдік дерек ретінде қолдануға болады. Ғылыми зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнін оқытуды жетілдіруде кеңінен пайдалануға болады. Орта мектепте білім алушылардың дүниетанымына сай келетін ұлттық ойындарды іріктеу нәтижелерін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде үлгі ретінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары: таза ғылыми стильде жазылған. Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір техникалық талаптар жүзеге асырылмаған. Мысалы, әдебиеттердің тізімін көрсетуде бет саны көрсетілмеген бірді-екілі қателіктер орын алған. Диссертация мазмұнын баяндауда кейбір тыныс белгілердің, мысалы, бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның қойылуында бірен-саран қателіктер бар. Ұлттық ойындарды оқытудың әдістемелік жүйесіне қазіргі заман талабына сәйкес, ЖИ құралдарын пайдалану тапсырмаларын қосқанда, жұмыстың жаңашылдығы артар еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының саны – 9. Соның ішінде, Скопус базасына кіретін басылымда жарық көрген 1 мақаланың ғылыми деңгейі жоғары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда басылған 5 мақаланың да ғылыми деңгейі жоғары, диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың мазмұнымен сәйкес келеді.

	рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген 3 мақаланың да ғылыми деңгейі жоғары, зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Акажанова Алмагуль Аманжоловнаға «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Акажанова Алмагуль Аманжоловнаға «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университеті филология факультетінің қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы  
16.03..2026 жыл.



РАСТАУМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ  
КАДР САЯСАТЫ ЖЕТЕКШІСІ  
Г. Қосымова  
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ  
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ  
НАО «КазНПУ им Абая»  
ҚОЛЫ  
ПОДПИСЬ \_\_\_\_\_